ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 28 тамыз №7119-24-00-2/9780 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Д. Смаилов
сот отырысының хатшысы Б.Д. Пірмановтың
қатысуымен алдын-аласы отырысында талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Special Machinery Trader» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Р.Т. Байзульдинова
аудармашы Д.Е. Саметаева
талап қоюшының өкілі Д.К. Макулова
жауапкердің өкілі А.Б. Артемов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 29 наурызда талап қоюшы (бұдан әрі - тапсырыс беруші) мен жауапкер (бұдан әрі - өнім беруші) арасында №18 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалды. Шарт тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарт талаптары бойынша өнім беруші тапсырыс берушіге жалпы сомасы 18 297 440 теңге болатын «автобус» тауарын, шарт жасалған күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде жеткізуі тиіс. Сондықтан, орындау мерзімі 2024 жылдың 27 маусымына дейін.

Шартқа техникалық ерекшелікке (№2 қосымша) сәйкес өнім беруші-автобус 1-сынып, сыйымдылығы 40 орыннан аспайды, ұзындығы 6-7,5м жеткізуге міндеттенеді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар

болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалауды ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі: ҚР СТ ГОСТ Р51709-2004, шығарылған жылы: 2023 жүгіріс шектеусіз 2 жылдық кепілдік. Сатып алынатын тауардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық, пайдалану және өзгеде сипаттамаларының сипаттамасы: Микроавтобустың дөңгеленіп шыныланған, кемінде бес есікті салоны бар (солжағында-жүргізуші, оң жағында - 1 алдыңғы, 1 - жылжымалы-механикалық жетегі бар + 2 артқы-қосалқы, екі жаққа ашылатын). Барлық орындықтарда қауіпсіздік белдіктері бар. Орын саны 16 + 1-ден кем емес. Қозғалтқыш көлемі 2,69 л кем емес максималды қуаты, кВт (л.с.) кезінде (к./мин) кемінде 78,5 (106,8), кемінде 4000айн/мин. Шиналар кемінде 185 / 75R16C. Беріліс қорабы механикалық, кемінде 5 сатылы габариттер, мм, ұзындығы-кемінде 6414, ені - кемінде 2060 (айна бойынша кемінде2260), биіктігі - кемінде 2725. Толық салмағы, кг 4200-денкем емес. Жабдықталған автобустың салмағы, кг, 2880-денкем емес. Жол саңылауы (толық салмағы кезінде), мм 170-тен кем емес. Рульдік механизм тірек түріндегі ГУР-мен. Минималды бұрылу радиусы, м 6,5- тен кем емес. Цилиндрлер саны және олардың орналасуы 4-тен кем емес, қатарлы тежегіш механизмдері алдыңғыдискілі, артқы-АВС барабандары. Аккумуляторлық батарея кемінде 6СТ-66 Бак,л кемінде 80. Жанармай - бензин. Ең жоғары жылдамдық,км/сағ 130-дан кем емес. Отын шығыны, л /100 км, 60км/сағ/80 км/сағ 9,5-тен кем емес, 12,4-тен артық емес. Кепілдік - жүрісі шектеусіз кемінде 2 жыл. Тауарды жеткізу кезінде өнім беруші Қазақстан Республикасының тиісті органдарында көлік құралдарын тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынуы тиіс. Түсі тапсырыс берушімен келісіледі. Шығарылған жылы 2023 жылдан ерте емес. Жеткізілетін автокөлік құралы жаңа, пайдаланылмаған, жөндеуден кейін қалпына келтірілмеген, көрме экземпляры болмауы тиіс. Тауарда конструкциямен, оларды дайындау жөніндегі материалдармен байланысты не өндірушінің немесе өнім берушінің іс-әрекеті немесе жіберіп алуы нәтижесінен болған ақаулары болмауы тиіс. Тауар техникалық ерекшеліктергі толық сәйкес келуі керек.

Талап қоюшы сотқа өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 274 462 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы, жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағанын көрсете отырып, талап қоюмен жүгінді.

Пікірде жауапкер Қытайдың әлемдік автобус өндіруші екенін атап көрсетеді. Қытайлық өндірістік желілердегі жұмыс жүктемесінің көп болуына байланысты көліктік-логистикалық тізбектер мен бөлшектер мен бөлшектерді жеткізуде кідірістер орын алуда. Автобустарды құрастыру кестесін өндіруші бір айға ауыстырды. Автобус 2024 жылдың 1 шілдесі

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024, судья Смаилов А. Д., 20.11.2024

мен 15 шілдесі аралығында дайын болып, Қорғас қаласына келуі керек. Алайда, 2024 жылдың 1 шілдесінде талап қоюшы талапкерді шарт бұзылғаны туралы хабарлама жіберген.

Талап қоюшының өкілі Д.К. Макулова талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Шарттың бұзылғанын түсіндіріп. Қазіргі уақытта басқа өнім берушімен жаңа шарт жасалды. Талап қоюшы дайын өнімге тапсырыс берген.

Жауапкердің өкілі А.Б. Артемов мәлімделген талаппен келіспеді, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады. Ол тауардың кешігуін өндірушінің кінәсі деп түсіндіріп. Жауапкер шартты белгіленген мерзімде орындамаған. Шарт біржақты тәртіпте бұзылды.

Прокурор Р.Т. Байзульдинова талап қоюды ішінара қанағаттандырылуы тиіс деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 277 - бабы 1-тармағының 272, 273-баптарының талаптарына байланысты міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

АК-нің 359-бабының 1-тармағында, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: 3) өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024, судья Смаилов А. Д., 20.11.2024

мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген.

Аталған істі қарау барысында сот, шарт талаптарының жауапкермен тиісті түрде орындалмағанын, яғни тауар мерзімінде жеткізілмегенін, тапсырыс берушімен өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шарт біржақты тәртіпте бұзылғандығын назарға алып, сонымен қатар мемлекеттік сатып алулар заңнамасының нормаларын басшылыққа ала отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

№2 талап бойынша

АК-тің 293 және 298-баптарына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024, судья Смаилов А. Д., 20.11.2024

7119-24-3-1/9051

орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Жауапкердің шарттың 7.3-тармағында көзделген міндеттемелерді тиісінше орындамауы салдарынан талап қоюшы 2024 жылғы 28 маусымнан 12 шелдеге дейінгі кезеңде шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға мәлімдеген, бұл 274 462 теңгені құрайды, есебі: 18 297 440 теңге х 0,1% х 15 күн.

Ұсынылған есеп сотпен тексерілді, сот есепті дұрыс деп тапты.

Сот жауапкерді тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша жауаптылықтан босату үшін негіздерді қарастырмайды, өйткені оның тарапынан қабылданған міндеттемелерді бұзу орын алған.

Осыған орай, талап қоюшының талабы толық қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 баптарын ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Special Machinery Trader» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Special Machinery Trader» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кірісіне 274 462 (екі жүз жетпіс төрт мың төрт жүз алпыс екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 10 080 (он мың сексен) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 04.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024, судья Смаилов А. Д., 20.11.2024
7119-24-3-1/9051

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 04.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024, судья Смаилов А. Д., 20.11.2024

7119-24-3-1/9051